

**Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы**

***Күшін жойған***

Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 352 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 қаңтарда № 2845 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 98 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 17.04.2014 № 98 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек Кодексінің 238-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37-баптарына және аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 173-V "Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесімен келісу туралы" шешіміне сәйкес, аудан әкімдігі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары П.М. Хасановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Е. Умаров*

**К Е Л І С І Л Д І :**

Аудандық мәслихаттың кезекті  
XIX сессиясының төрағасы *Ж. Ермұханов*

26 желтоқсан 2013 жыл

Аудандық мәслихат хатшысы

*Т. Жолмағамбетов*

26 желтоқсан 2013 жыл

Аудан әкімдігінің

2013 жылғы 27

желтоқсандағы

№ 352 қаулысына қосымша

## **Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының ТІЗБЕСІ**

### **1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандары лауазымдары:**

- 1) үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімшесінің меңгерушісі;
- 2) күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 3) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.

### **2. Білім беру мамандары лауазымдарының тізбесі:**

- 1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы (мектепке дейінгі мемлекеттік мекемеден және қазыналық кәсіпорыннан басқа);
- 2) мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары (мектепке дейінгі мемлекеттік мекемеден және қазыналық кәсіпорыннан басқа);
- 3) мектепке дейінгі қазыналық кәсіпорын басшысы;
- 4) мамандар (бас, аға): барлық мамандықтағы мұғалімдер және дәрігерлер, әдіскер, шеберхана меңгерушісі, алғашқы әскери даярлық оқытушы-ұйымдастырушы, кітапхана меңгерушісі, кітапханашы, тәлімгер, тәрбиеші, интернат-меңгерушісі, әлеуметтік педагог, медициналық бике, емдәм бике, музыкалық жетекші, хореограф, педагог-психолог, зертханашы, дене тәрбиесінің нұсқаушы, еңбек жөніндегі нұсқаушы.

### **3. Мәдениет мамандары лауазымдары:**

- 1) мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы;
- 2) көркемдік жетекші;
- 3) кітапхана меңгерушісі;
- 4) мамандар (бас, аға): әртіс, кітапханашы, редактор, режиссер, солист, дыбыс режиссері, әдістемеші, мәдени ұйымдастырушы, барлық атаудағы суретшілер, хореограф, библиограф, дирижер, концертмейстер, музыкалық жетекші, үйірме жетекшісі.